| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарын ұйымдастыру, үстел үсті ойындары | Дидактикалық ойын:« Ойыншықты тап, сана», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап» | Мен ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) |
| Таңғы жаттығу | Картотека № 4 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке | Күз туралы тақпақтар жаттау. **(қарым-қатынас іс-** | Күз туралы жұмбақтар шешу. **(қарым-қатынас** | Күз туралы тақпақтар жаттау. **(қарым-қатынас іс-** | "Күз" тақырыбына байланысты мнемокарточкалармен | Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | **әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | , геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Көркем әдебиет** **Міндеттері:** «Менің ойыншықтарым» өлеңінің эмоционалды-бейнелі мазмұнын қабылдауға, баяндаудың сипатын сезінуге үйрету. **ҰІӘ барысы..** **Ұйымдастыру.** **Негізгі бөлім.** **Д.ойын: «Ойлан,тап».** **Шарты: жұмбақтың шешуін табады.** **1.Суға салсаң** | **Дене шынықтыру** **Міндеттері:**Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруді үйрету. **ҰІӘ барысы.** 1.Кіріспе бөлім 2.Жалпы дамыту жаттығулары. 3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру. 4Қимыл –қозғалыс | **Сауат ашу** **Міндеттері:**Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру **ҰІӘ барысы.** **Ұйымдастыру.** **Негізгі бөлім.** **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше»***– тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. ***«Ине»***– ауызды кең | **Сауат ашу** **Міндеттері:** Дауысты дыбыстар туралы түсінік беру.. **ҰІӘ барысы..** **Ұйымдастыру.** **Негізгі бөлім.** ***Дидактикалық жаттығу ы≫Әндетіп көр≫*** – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а*» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. | Көркем әдебиет **Міндеттері:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу. **ҰІӘ барысы..** **Ұйымдастыру.** **Негізгі бөлім.** Д.ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақтың шешуін табу. «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». (Мысық) – Балалар, бүгін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **батпайды,**<br>**Түскен жерге жатпайды. (доп)**<br>**2.Аяғы бар, жүрмейді,**<br>**Аузы бар, күлмейді.**<br>**Айнымайды бөпемнен,**<br>**Тек сөйлеуді білмейді. (қуыршақ)**<br>**3.Сыбдырдан қорқады,**<br>**Шошынып жортады.(қоян)**<br>-Сонымен бір сөзбен бұларды не дейміз?<br>-Ойыншықтар<br>Балалардың назарын ойыншықтарға аудару.<br>**Дид.ойын «Қандай ойыншық?»**<br>Мақсаты: ойыншықтарды танып, аттарын дұрыс атау, түсін атау, | ойындары.<br>5.Қорытынды бөлім.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеттері:** Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**ҮІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д.ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:**Жұмбақ шешу.<br><br>1.Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) – Иә, дұрыс | ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br><br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>***«Мен айтамын, ал сен көрсет»дидактикалық жаттығуы***<br>– Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар.<br>Мысалы: *жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-* | Нұрын төккен маған<br>Шуағымсың сен!<br>Айналайын мама,<br>Қуанышыңмен!<br>Шаттандырған мені,<br>Жұбанышым сен!<br>Құттықтаймын сені<br>Туған күніңмен!<br>***≪Тиісті текшені көтер≫ дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br><br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді.<br>**Сергіту сәті.**<br>***≪Берілген дыбысқа сөз ойлап айт≫ дидактикалық жаттығуы***<br><br>Педагог балаларға «а» | «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. Сөздік жұмыс: Қатық – сүтті ұйытып дайындалған тағам түрі. Ін – жердің астынан қазып жасалатын баспана.<br>Сұрақ-жауап: - Ертегі қалай аталады? - Мақтақыз не тауып алды? - Мысық не істеді? - Мақтақыз мысықты қалай жазалады? - Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі? - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? Сергіту сәті<br>Д.ойын: «Ертегіні баянда.»<br>Шарты: Сурет бойынша ертегіні баяндау.<br>- Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. - Мысық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырату.<br>Сұрақтар: Қандай ойыншық? Түсі қандай?<br>М.Әлімбаев «Менің ойыншықтарым» шығарманы оқу және әңгімелеп беру. –<br>**Д.ойын: «Ыстық картоп».**<br>**Шарты:**Сұрақтарға жауап беру.<br>Шығармада қандай ойыншықтар туралы айтылған?<br>Ойыншықтар не істейді?<br>М.Әлімбаев өлеңімен таныстыру.<br>Сурет бойынша өлеңді талдау.<br>**«Не артық?» ойыны.**<br>Тапсырма: Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br>**Қорытынды.** | айтасыңдар, енді келесі жұмбағымды тыңдаңдар:<br><br>2. Жап - жасыл, сопақ дақыл жерде жатыр,Дер кезінде жинамасаң, сарғайып кетер батыр.<br><br>2. Негізгі кезен – Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар, бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың. – Балалар, «күн» сөзі қандай дыбыстан басталады? – Бәріміз бірге «күн» деп айтайықшы. – «Қияр» сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>«К» мен «Қ» дыбыстарының дұрыс артикуляциясын | *тұру, қолды*<br><br>*алдыға созу, шапалақтау, бір орында жүру т.б.*<br><br>**Дид.ойын:«Бұл не?»**<br>**Шарты:**Суретте берілген заттарды атайды? Және қандай дыбыстан басталып тұрғанын айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды,жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоянда бола қалады.<br>**Дидак.ойын: «Дауыссыз дыбыс».**<br>**Шарты:** Дауыссыз дыбыстардан басталатын заттарды тап<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері** | дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. *(Дұрыс*<br><br>*жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады).*<br>Мысалы айтылатын сөздер: *алма, алақан, алмұрт,ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан,*<br>*арыстан, арқан, алқап, алтын т.б.*<br>Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және | не істеді? - Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың? - Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. - Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің? 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия.<br><br>**Математика**<br>**Міндеттері:** Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 цифррын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Дидактикалық ойын «Артық затты тап».<br>– Төрт суреттің әрқайсысынан артық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**ҰІӘ барысы.**.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>**Дид.ойын:** «Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз».<br>**Шарты:** Балаларға жиындарды топтарға бөлуге көмектеседі: көкөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз.<br>– Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламыз | түсіндіру.<br>Сергіту сәті.<br>**Дид. Ойын: «Күз».**<br>**Шарты:** Сурет бойынша жұмыс. «Қандай?» деген сұраққа жауап беру.<br>**Д.ойын: «Сөз айт,тез айт».**<br>**Шарты:**Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады, балалар аяқтайды.<br>Қорытынды.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері:** Отбасы және оның мүшелелері туралы әңгемелеу. Отбасы мүшелерін атай білуге және олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.** | **Міндеттері:**2 цифрлары мен таныстыру; заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-2 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты ерекшелеу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Жылдам сана» ойыны**<br>Тәрбиеші заттар бейнеленген суретті көрсетеді.<br>- Қанша түс бар екенін сана.<br>- Қанша алма бар екенін сана.<br>- Құстарды сана.<br>- Аңдарды сана.<br>**2.Негізгі кезең**<br>«2» көлде шалқиды,<br>Аққу болып қалқиды.<br><br>Сұлу мойнын иеді,<br>Өз қадырін біледі. | дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? – Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?<br>– Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер? – Күз мезгілі несімен ұнайды? – Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиіндар жаңғақтарын жинаса, кірпілер індеріне саңырауқұлақтар тасып алады. – Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді?<br>2. Негізгі кезен<br>Педагог адамдардың күзгі еңбегін қысқаша айтып өтеді, мысалы, егін жинайды, баубақшалардағы жұмыс түрлеріне | затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Балалар артық затты табады, неге артық екенін түсіндіреді.<br><br>– Топтардың әрқайсысында барлығы неше зат бар? .<br>– Артық затты алғанда топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір<br>Балалар қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды.<br>– Бүгін қандай сан және цифрлармен танысатынымызды кім айтады?<br>**Д.ойын: «Шашыраңқы сандар»**<br>**Шарты:** Педагог ойын шартын түсіндіреді: \үш балаға бірден үшке дейінгі сан беріледі. Әр-қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ба?<br>– Қанша көгөніс (тәттілер) бар?<br>– Қарбыз туралы не айтуға болады?<br>Неше қарбыз бар? Қарбызды бөлектеуді ұсынады – ол біреу.<br>«Көп» және «бірнеше» терминдерді қолданады. Саны бойынша салыстырады: жеміс көп, ал қарбыз біреу. Көгөніс көп, ал қарбыз біреу және т.с.с.<br>**Сергіту сәті.** Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.<br>**Дид.ойын:** «Заттарды қандай топтарға бөлуге болады?» **Шарты:** | **Д.ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:** Жұмбақтың шешуін табу.<br>а) Өзі үлкен кәріміз, Ардақтаймыз бәріміз. **(Ата)**<br>ә) Айналайын дегені, Жанға рахат береді. Көңіліңді түсініп, Ертек айтып береді. Ол кім балалар? **(Әже)**<br><br>б) Сөйлемейді күледі, Төрт аяқтап жүреді. **(Бөпе)**<br>**Д.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:** сурет бойынша жұмыс.<br>**«Әкең мен анаңның аты – жөні кім?»**<br>**Ойынның шарты:** Балалар допты бір-біріне беріп, | **2 цифрымен таныстыру.**<br>**«Көнілді тапсырмалар» ойыны**<br>Бір күшікке бір күшік, Қосылды да ойнады. Біріккенде екеуі , Қанша болды, ойланшы. (1+1=2)<br>Бір сәбізі шелекте, Бір сәбізі себетте. Қоса алмайды екеуін, Көмектесші үйрекке. Жақсы болар еді ғой, Қосуды ол үйренсе. (1+1=2)<br>Қуанып жүр бір түлкі, Қосылды оған бір кірпі. Енді түлкі көнілді, Шат – шадыман өмірі. (Олар қанша болады?) (1+1=2)<br>**Д.ойын: «Сандар бойынша боя»**<br>**Шарты:** Суретті сандар бойынша бояу.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.** | тоқталады т.б.<br>Демонстрациялық материал Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». – Жапырақтардың түстері қандай? – Бақшада кімдер жүр? – Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? – Бақшада балалар не істеп жүр? – Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды.<br>Сергіту сәті:<br>Д.ойын: «Қатты.Ақырын.Сыбырлап».Шөп үстімен жүреміз, | бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден үшке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністер (баялды, қызылша), жемістер (алма, алмұрт), тәттілерді топтарға бөліп, әр қайсысын өз себеттеріне салады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br>**Сауат ашу**<br><br>**Міндеттері:**Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту қабілеттерін дамыта отырып, сөздердің лексикалық мағынасын анықтауды жалғастыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Ойлан,тап»**<br>**Шарты:**Жұмбақпай атаның | анасының,әкесінің аты-жөнін айтып береді.<br>**Д.ойын: «Боямақ».**<br>**Шарты:**Суретті бояу.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеттері :**Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.** | **Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:**Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:**«Суреттер сөйлейді».<br>**Шарты:** Сурет бойынша сұрақтар қою және сол сұрақтарға қысқа және толық нақты жауап беру. Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықты жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз. - Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма? - Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер? - Ойыншықтарды қалай | сырт-сырт. Тас үстімен жүреміз, тырс-тырс. Шалшық сумен жүреміз, шолп-шолп, Жолдарменен жүреміз , топ-топ<br>**Ойын: «Сөйлемей көрейікші»** (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. – Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия Кейбір сөз ұзақ дыбысталады, кейбіреуі қысқа дыбысталады. – Балалар қысқа сөзде дыбыс аз болады, ал көп дыбыс ұзақ сөзді құрайды<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | қалыптастыру.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Балалар бүгінгі біздің ҰІӘ тақырыбы: **«Менің сүйікті ойыншықтарым».** Осы ойыншықтарға байланысты ойындар ойнайық. Ойынымыздың аты **«Көбелек гүлге қонады».**<br>**Ойын шарты**: Сендер гүлсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қай балаға қонса сол бала менің сұрағыма жауап береді.<br>**Сұрақтар:** 1.Сүйікті ойыншығың бар ма? 2.Қандай ойыншығың бар? 3.Немен ойнайсыңдар? 4.Қандай ойыншықпен ойнағанды жақсы көресің?Ия балалар ойынды жақсы ойнадық, бүгін біз сендермен сүйікті ойыншықтарымыз жайлы айтамыз.Қарандаршы, біздің сыныбымызда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмбақтарының шешуін табу..<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса – жасыл,<br>Түссе – сары.<br>*(Жапырақ)*<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? *(Күз)*<br>**Сергіту сәті.**<br>**Дид.ойын:** ««Сөз жарысын»».<br>**Шарты:** Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер.<br>Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан | **Ойын:** «Артығын тап».<br>**Шарты:**Берілген суреттің ішінен артығын табу.<br>**Ойын:**«Қайталап жаса».<br>**Шарты:**Жасалу жолдарын көрсету.<br><br>Өз бетімен жұмыс.<br>**Ойын:**«Көрмені тамашалайық».<br>**Шарты:**Көрме ұйымдасты-ру.<br>**Қорытынды.** | ұстау керек?<br><br>Қ. Мырза Әлидің «Ойыншықтар» өлеңі.<br>**Дид.ойын: «Жаттап ал».Шарты:**Сызба арқылы жаттау.<br><br>Іші тола бөлменің<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғой, дос, ойнайық.<br>Мына тұрған арғымақ<br>Мінем оған қарғып-ақ.<br>Мына тұрған қояным<br>Алдына жем қоямын.<br>Сөздік жұмысы: - Арғымақ деп жүйрік әрі әдемі атты айтамыз. - Қарғып деп атқа секіріп мінуді айтады.<br>**Дидактикалық ойын: « Жалғасын тап». Ойын** шарты: бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды. - Менің ойыншығым ... - Мен қуыршақпен ...<br><br>Өзіңе ұнайтын | **Міндеттері:**Туыстық байланыстарды түсінуге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Фотосурет»**<br>**Ойынның шарты:**<br>Тақырып бойынша тәрбиешінің сұрақтарына жауап беру.<br>**Үнсіздік ойыны.** Балалар жайланып отырып, көздерін жұмып, өздерінің отбасы мүшелерін, үйлерін көз алдарына елестетеді.<br>**Қол сергіту сәті: «Кел, санайық»**<br>Үйде не шеу екенбіз?<br>Кел санайық екеуміз:<br><br>Бас бармағым – папам, | ойыншықтар көп екен.Мұндай түрлі ойыншықтар бізге ойнау үшін керек. Қане мына ойыншықты ұстап көрейікші.<br>Қандай екен? Балалардың жауабы: Жұмсақ.<br>**Тәрбиеші :**Ойыншықтарды ұстап сипап көру арқылы біз олардың қандай екенін білеміз. Ойыншықтар пластмассадан, резинадан, ағаштан, темірден,матадан жасалады. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Балалар енді осы ойыншықтарымызбен ойын ойнайық.Мен үстел үстіне ойыншықтарды қоямын сендер мұқият қарап алып көздеріңді жұмыңдар, мен «аш» деген де көздеріңді ашып үстел үстінде қандай ойыншық жоқ екенін табасыңдар.<br>Доп добым домалақ<br>Қайда кеттің домалап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады)..<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды**.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері :**Шығарманың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, кө ңіл күйін ажырату.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру. Псих.сәт.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д.ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:Жұмбақ жасыру.**<br>2. **Тыңдау: «**Қазан» (П. Чайковский).<br>**Ән айту.** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>**Дид.ойын: «Музыкалық ырғақты қозғалыс»** | | ойыншықтың суретін сал. Ол туралы білетініңді айт.<br><br>**Қорытынды.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату<br>**1.Ұйымдастыру. Псих.сәт.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>2. **Тыңдау: «**Қазан» (П. Чайковский). **Ән айту.** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс:**«Марш» (Е. Андосов). 5.Қорытынды | Балаң үйрек – апам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкене бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Дид.ойын: «Ағаш»**.Ағаштың тамырынан бастап, отбасы мүшелерінің суреттерін жапсыру. (Ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, мен, іні, қарындас).<br><br>**Ағашты бояу.**<br>**Қорытынды.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**ҰІӘ барысы..**<br><br>1.Кіріспе бөлім<br>2.Жалпы дамыту жаттығулары. | Бір, екі деп ұрдым<br>Шатырға сен секірдің<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:**допты жоғары, жіптің үстінен лақтыра алуға үйрету.<br><br>ҰІӘ барысы:<br>1.Кіріспе бөлім<br>2.Жалпы дамыту жаттығулары.<br>3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл –қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытынды бөлім. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:**«Марш» (Е. Андосов) Ырғақты қозғалыс жасау..<br><br>**Рефлексия.**<br><br>**5.Қорытынды.** | | | 3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл –қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытынды бөлім. | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| Серуен | Картотека №12 | Картотека №13 | Картотека 14 | Картотека №15 | Картотека №16 |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Артикуляциялық жаттығулар.<br>**Айсұлтан** | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков).<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Ақжарқын | Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Заңғар** | Артикуляциялық жаттығулар.<br>**Каусар** | Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан".<br>Мақсаты.<br>Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; көмектесу.<br>.**Нұрәли** |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. | Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **(математика негіздері)** | шығармашылық жұмыстар | Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. | дайындалу | салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **(математика негіздері)** |
| Балалардың үйге қайтуы. | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып__- мектепалды 0 «а» сыныбы________Балалардың жасы-__5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 25-29 қыркүйек 2023 ж.**

**Бекітемін:**

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Інкамбетова.М.Т

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 25 | Сейсенбі 26 | Сәрсенбі 27 | Бейсенбі 28 | Жұма 29 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| Ата-аналармен әңгіме десу, кеңес беру | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Дидактикалық ойын:«Күн және жаңбыр», «Бақшада не өседі?», «Ұшты ұшты» **(сөйлеуді дамыту)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. |
| Таңертеңгілік жаттығу | Картотека № 5 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. | «Табиғатқа қамқор бол» Табиғатқа қамқор бол, Байлығын біз қорғайық, | «Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.Сен күнсін көтеріңкі күйін қырдың.Сен көксің, | «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | сен ормансың.Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | « |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:**Ертегілер туралы білімдерін күшейту, қызығушылықтарын арттыру.<br>Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу.(Мақта қыз бен мысық)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д.ойын:**«Ойлан тап».<br>**Шарты:**Жұмбақтың шешуін табу.<br>Тіршіліктің нәрі<br>Тазалықтың әрі<br>(су)<br>2) Екі айнасы бар<br>Екі найзасы бар<br>Төрт жылтырмағы бар<br>Бір шыбыртқасы бар<br>(сиыр)<br>3) Ағайынды бәрі<br>Шықса-жасыл | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:**Бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Сергіту сәті**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл – қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с дыбыстарды дұрыс, | **Сауат ашу**<br>**Міндеттері**<br>**:**Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br>***«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны***<br>Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж.<br>Балалар тиісті түсті көтереді,<br>егер дыбыс дауысты | **Сауат ашу**<br>**Міндеттері:**<br>«А»«О» дыбыстары дауысты дыбыстар екенін түсіндіру.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>***Дид.ойын:***<br>«Суреттер сөйлейді». ***Шарты:*** Сурет бойынша «А» және «О» дыбыстарымен таныстыру.<br>***«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны***<br>*– А дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар.* | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Өлең мазмұнын ашу.Өлең ырғағын келтіре отырып,тіл ерек шелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайта лау барысында ойлау қабі летін<br>дамыту. (Жемістер жыры)<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих.дайындық.**<br>**Ойын: «Ойлан тап».**<br>**Шарты:**Жұмбақтың шешуін табу.<br>Көктемде<br>Ақ гүлге оранады,<br>Күзде<br>Қолға доп боп оралады. *(Алма)*<br><br>Тіл үйірген дәмі бар,<br>Сары алтын түс – сәні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шықса-сары<br>(жапырақ)<br>Балалар, бүгін біз сіздермен ертегілер еліне қонаққа барамыз.Ертегілер елі өте әдемі,сиқырлы әлем.Бұл әлемде жануарлар, өсімдіктер бір-бірімен сөйлеседі,<br>Мына үстел үстіне назар аударайық.<br>Мына жерде көптеген ертегі кейіпкерлердің суреттері жатыр,қандай театр екенін, қай ертегі екенін айтайық.<br>Саусақ театры: «Үш аю», «Үйшік».<br>Келесі үстелге назар аударайық.Бұл жерде қандай театр және қай ертегінің кейіпкерлері соны атайық.<br>Көлеңке театры.:«Бауырсақ» ертегісі.<br>Келесі үстелде қандай ертегінің кейіпкерлері?<br>Қуыршақ театры: «Мақта қыз бен мысық»<br>**«Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау.** | анық айтуды үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:**«Дұрыс жауап бер»\Доп арқылы\<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күз айларын ата.<br>**Д.ойын: «Ойлап көр».**<br>**Шарты :**Жұмбақтың шешуін табу.<br>Заузадан көре аласың,<br>Заңғардан таба аласың,<br>/З/<br>Қыста бар, жазда | болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>***«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы***<br>*Дұрыс жауапқа фишка беріледі.*<br>Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді.<br>*– Етік, ешкі, елгезек.*<br>*– Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана.*<br>Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді.<br>*– Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б.* | *–О дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер.*<br>***«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы***<br>*– Мен сендерге дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауысыз дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар.*<br>*Мысалы: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау,қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит.*<br>**Тіл ұстарту** | бар.<br>Шақсаң егер кептіріп,<br>Сүйегінің дәні бар,<br>Баққа тұрар сән беріп,<br>Алқа етіп тізіп ал. *(Өрік)*<br>Ирек-ирек әкесі бар,<br>Желбіреген шешесі бар,<br>Тәттібике деген қызы бар.<br>***Шие***<br>Үлкендігі алмадай,<br>Сырты жанған қызыл от,<br>Ішін жарып қарасаң-<br>Майда , майда қызыл шоқ<br>**ІІ. Негізгі бөлімі.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Дәмін тат, атын ата»<br>**Мақсаты:** Балалардың дәм сезу қабілеттерін арттыру.<br>Балалар, бүгін біздер Рза Қунақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып беру. Балалармен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Д.ойын: «Артығын тап».**<br>**Шарты:** Берілген суреттің ішінен артығын табады.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 4 цифрын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**.<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**2. Негізгі кезең.**<br>*Сурет бойынша 4 санының пайда болуын түсіндіру.*<br>*-Аквариумде 3 балық болды, тағы бір балық әкеліп қостық. Неше балық болды? 3+1=4.Бүгін біз 4 санымен танысамыз.*<br>*4 санын көрсетіп, тура және кері санау. 4-тің алдындағы сан ұғымын түсіндіру.*<br>*-3қоянның қасына тағы да бір қоян келіп қосылды. Неше қоян болды? 3+1=4. Төрт қоянның біреуі қашып кетті,* | жоқ.<br>Түсте бар, кешке жоқ /С/<br>-Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізге З және С дыбыстары қонаққа келді.<br>**Дид.ойын :**«Ұйқасын тап»<br>Са - са - са – Сара ----------- ас - ас - ас - бұйра бас<br>За - за - за – Зада ------------ аз - аз - аз - басы таз<br>Сы - сы - сы – сыбдыр ----- ыс - ыс - ыс - келді қыс<br>Зы - зы - зы - зығыр --------- ыз - ыз - ыз – соқты аяз<br>**Сергіту сәті:**<br>Ойын « Не артық?» / С - З дыбыстарын сөзде ажырату/<br>С - асқабақ, сарымсақ, сәбіз, бұрыш<br>З - қияр, қызылша, | Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br>***«Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны***<br>– Балалар мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар.<br>Мысалы:<br>*ана-арман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік т.б.*).<br>**Сергіту сәті**<br>*Графикалық жұмыс)*<br>4. Нүктелерді бастыр.<br>5. Штрихта.<br>Жазуды бастамас | **жаттығуы.**<br>Ос-ос-ос<br>Бірге бірді қос.<br>***Графикалық жұмыс.***<br>*Рефлексия.*_<br>_Қорытынды<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Ойлан,тап»**<br>Жұмбақтар шешу:<br>1.Нанда бар,майда жоқ<br>Ұнда бар,айда жоқ. /н/<br>2.Шаңда бар,гүлде жоқ<br>Аңда бар, сайда | өлеңді жаттау.<br>Сұрақ-жауап:<br>- Балалар, алманың түсі, дәмі қандай?<br>- Өрік ағашы қашан гүлдейді?<br>- Алма, өрік қашан гүлдейді?<br>**Шығармашылық жұмыс:** Сүйікті жемісінің суретін сал.<br>**ІІІ.Қорытынды**.<br><br>**Математика**<br>**Міндеттері:**Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 6 цифрын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету.<br>\ **ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Балалар, есімізге «Шалқан» ертегісін түсірейік. Ертегіде шалқанды жұлып алу үшін кімдердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *нешеуі қалды?*<br>*4-1=3.*<br>*-Қане, бәріміз төрт таяқша санап шығарайық.*<br>*Таяқшалар арқылы 4 таяқшадан әр түрлі пішіндер құрастырайық.*<br>**Сергіту сәті: «Санамақ»**<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жиналамыз бәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Секіреміз бәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Отырамыз бәріміз.<br>***Д.ойын: «Төрт цифрын тап».***<br>***Шарты:*** Өзге цифрлардың арасындағы төрт цифрларын тауып, оларды қоршап шығу.<br>***Ойын: «Өз орныңды тап»***<br>***Шарты:****балаларға 1ден 4ке дейінгі кеспе сандарды омырауларына тағу.Музыка ойнаған кезде балалар класс ішінде жүгіріп жүреді, музыка тоқтаған соң балалар ретімен қатарға тұруы керек, қатардағы орнын атауы керек*<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сауат ашу** | пияз, қызанақ<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері :**Туыстық байланыстарды түсіну ( жақын туыстары, нағашы жұрты).<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих.дайындық.**<br>«Күн сәулесі» **ойыны.**<br>**-**Балалар, бір сәт көздері ңізді жұмып, отбасыңыз-дағы туыстарыңызды еске түсіріңіздерші...<br>Күн сәулесі кімге нұрын шашады?<br>Аталарына.Ортаға аталарын жақсы көретін балалар | бұрын педагог балаларға ауада жазып көрсетеді.<br>**Рефлекси я__Қорытынды**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 5 цифрын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын жағдаяты.**Әлия мен Сырым ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады. Педагог алдымен 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін ұйымдастырылған | жоқ.<br>-Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізге Н және ң дыбыстары қонаққа келді.<br>**Жаңылтпаш.**<br>1. Тоң-ң-ң-дым деп тон кидім,<br>Тонымды оң-ң-ң кидім.<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Сиқырлы әріптің орнын тап» дидактикалық ойыны.**<br>Жазу парақашасындағы келесі тапсырмаларға назар аударайық.<br>Педагог жазу парақшасындағы кезекті тапсырманы нұсқайды.<br>Балаларға тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Мақсаты: н әрпі мен | көмектескенін білесіңдер ме?<br>Кейіпкерлерін атайық.<br>Ата, әже, қыз, күшік, мысық, тышқан.<br>(ретімен орналастыру)<br>**2.Негізгі кезең.**<br>6 цифрының төменгі жағы дөңгелекке ұқсайды, жоғарғы жағы ілмекке ұқсайды.<br>6 санымен таныстыру.<br>Есікке салар іліп,<br>Мынау деген құлып.<br>Аузы ашылмаған қалпы<br>Айнымаған «6»<br>**Д. ойын:** «Толықтыр».<br>**Шарты:** Әр паровозда көрсетілген сан қанша болса, сонша вагон болатындай толықтырып суретін салу. Балалар санды атайды, санайды, қанша вагон жоқ екенін айтады. Суретін салады. Жұмысты жеке орындайды.<br>**Сергіту сәті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеттері:** Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Өткен тақырыптарды пысықтау.**<br>Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.<br>«Сөз ойла» дидактикалық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту. Тәрбиеші бір дыбысты айтады да, допты бір балаға береді. Бала сол дыбыстан басталатын сөзді жылдам айтып, допты кері қайтарып береді.<br>***«Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы***<br>Асан бақша жақтан | шығады.<br>Күн сәулесі кімге нұрын шашады?<br>Әжелеріне,әкелеріне,аналарына- әжелерін, әкелерін, аталарын жақсы көретін балалар шығады.<br>**Д.ойын:** «Суреттер сөйлейді».<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша жақын туыстарға және нағашы жұртына кімдер жататының түсіндіру.<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс.<br>**Дид.ойын:**<br>«Мозайка»<br>Шарты:отбасы мүшелерінің суретін құрастыру.<br>**Қорытынды.**<br>**Рефлексия.**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеттері:** конструктор бөлшектерінен | оқу қызметіне тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды.<br>«Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Бес).<br>Қалай кейіпкерлер саны 5-еу болды?<br>(5 дегеніміз – 4 және 1).<br>**2.Негізгі кезең**<br>**Сергіту сәті**<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортақ тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентай бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Ойын жаттығулары**<br>Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше).<br>Педагог балаларға әр | ң әрпін ажыратуды үйрету.<br>Тапсырма: түсіп қалған әріптердің орнына әріптерді жаз.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері:**Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету туралы балаларды үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих.дайындық.**<br>**Д.ойын:«**Суреттер сөйлейді**».**<br>**Шарты:**сурет бойынша жұмыс.<br>**Жаңа тақырыпты түсіндіру.**<br>*Сергіту сәті*: «Би билейміз» қимылды ән. | **Д.ойын:**«Не артық?»<br>**Шарты:**Суретте берілген заттардың артығын табу.<br>**Рефлексия.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері :**Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>Арайлап таң атты.<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң балалар.<br>Ғажайып сәт.<br>Негізгі бөлім.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын:«Не өзгерді?»**<br>**Д.ойын:«Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ сабақты асқабақ әкелді.<br>Басқа жақтан<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br>– Балалар осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр?<br>– А дыбысы.<br>– А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дауысты дыбыс.<br>А дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады.<br>– А дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда<br>ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады. Дауыс шымылдығы ашық болады. Осылай **а** дыбысы жасалады.<br>Тағы бір жаңылтпаш тыңдаңдар.<br>Аршабек «арша» деп шыршаны,<br>Шыршабек «шырша» деп аршаны,<br>Шатасты күлдіріп баршаны, | жеңіл көлігін құрастыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын:** «Артығын тап».<br>**Шарты:**Берілген суреттің ішінен артығын табу.<br>**Ойын:**«Қайталап жаса».<br>**Шарты:**Жасалу жолдарын көрсету. Өз бетімен жұмыс.<br>**Ойын:**«Көрмені тамашалайық».<br>**Шарты:**Көрме ұйымдасты-ру.<br>**Қорытынды.** | үстелге текшені таратып береді, оның әр қырларында бірден-беске дейін нүктелер болады. Педагогтің текше және заттық суреттері бірдей. 1– 5 зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Жұмысты топпен орындайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.<br>**Ойын:** « Адасқан сандар» сандарды орнына қойыңдар.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері**<br>**:**Интонациясы бойынша сөйлемдерді | Қазір мен сендермен **«Сөйлемді жалғастыр»** ойынын ойнаймын.<br>**Шарты:** Мен сендерге сөйлемнің басын айтамын, ал сендер сөйлемнің аяғын аяғын табасыңдар.<br>-Балалар қазір біз сендермен **«Кім жылдам?»** ойынын ойнаймыз.<br>Қорытынды.<br>Рефлексия.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеуге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Сергіту сәті**<br>**3.Негізгі кимыл-** | «жыланша» төрттағандап еңбектеуге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Сергіту сәті**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Шырша» деп, «арша» деп шаршады.<br>– Бұл жаңылтпашта қай дыбыстар қайталанып тұр? (А, ш).<br>Балалардың жауабы тыңдалады, қажет болса, жаңылтпашты қайталап оқиды.<br>***Сергіту сәті***<br>Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а*» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік.<br>Әнді алдымен тыңдайды.<br>Нұрын төккен маған<br>Шуағымсың сен! Айналайын мама, Қуанышыңмен!<br>Шаттандырған мені,<br>Жұбанышым сен!<br>Құттықтаймын сені Туған күніңмен!<br>Осы әуенді *е, а* дыбыстары арқылы әндетіп көрейік.<br>*Графикалық жұмыс.*<br>*4. Штрихта.*<br>*5. Нүктелерді бастыр, жалғастыр.*<br>***3. Рефлексия__***<br>**Қорытынды**. | | (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>**Ұйымдастыру.**<br>Қуанамыз,күлеміз.<br>Бар әлемді сүйеміз<br>Қол ұстасып қуанып.<br>Достармен бірге жүреміз.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д/ойын Алтын сақа.**<br>Ойын: «Кім жылдам?»<br>Сөздік ойын.<br>М.Ә.Ойыншықтар өлеңі.<br>**Сүйікті ойыншығыңның суретін салу.**<br>**Жеке жұмыс.**<br>**Сиқырлы қылқалам мен жұмыс.**<br>**Ойын: «Дұрыс ата»**<br>**Қорытынды.**<br>**Музыка**<br>**Міндеттері:**<br>Музыканың және оның бөліктерінің | **қозғалыс жаттығулары.**<br>жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br>**Міндеттері:**Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүру<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>***Ән тыңдау.***<br>**Тыңдау:** «Ақ көгершін». (Қ.алұатаев, Е.Баят)<br>**Сергіту сәті**<br>**3.Ән айту**<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә.Қонысбеков<br>**4Әуенді қимыл-қозғалыс**<br>**5.Қорытынды** | | сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүру<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Тыңдау:**<br>«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>***Ән айту.***<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс:**<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Қорытынды.** | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| Серуен | Картотека №17 | Картотека №18 | Картотека 19 | Картотека №20 | Картотека №21 |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу Нұриман | Сурет салғысы келетін балалармен "Табиғат әлемі" тақырыбында | Тақпақ айтқызу. "Күзде" (Ескен Елубаев) | Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар | Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сюжетті суреттер қарастыру.<br>Әлима | Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?Бекзат | қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>Айсұлтан | байланысты жұмбақтар шешу.<br>Асылан |
| | Кітаптарды қарау, кітаптағы орман бақша шалғын суреттеріне қарап ойдан ертегі құрастыру. Бір біріне айтып беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**Табиғи құрастыру құралдарынан орман құрылымын құрастыру.Ұжымдық жұмыс.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. **(мүсіндеу)** | Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау.<br>**(жаспыру)** | Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**Құмнан қоралар жасау.<br>**(құрастыру)**<br>Ойындар ойнату. | Ағаштар мен гүлдерге геометриалық пәшәндерді қолдануменжол табу Роботтар арқылы кеңістікті бағдарлау.<br>**(математика негіздері)** |
| Балалардың үйге қайтуы. | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып _ - мектепалды 0 «ә» сыныбы ___ Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 02-06 қазан 2023 ж.**

**Бекітемін:**

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бимагамбетова М.Т

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 2 | Сейсенбі 3 | Сәрсенбі 4 | Бейсенбі 5 | Жұма 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қ/О: «Кейіпкерлерге үй құрастыр» **Шарты:** әр топ өз таңдаған кейіпкерлеріне пішіннен үй құрастырып, таныстыруда «Елші» әдісін қолданады (команда, креатив)(Математика негіздері) | Қ/О: «Әсем қала» **Шарты:** Ресурс арқылы топтасып, сызба арқылы құрастырады. «Өткенше» әдіс арқылы таныстырады.(команда, қарым-қатынас) (Құрастыру ) | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. (Сурет,мүсіндеу,жапсыру) | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (қоршаған ортамен таныстыру) | Кітаптарды қарау.(Көркем әдебиет) |
| Таңертеңгілік жаттығу | Картотека № 6 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Күз туралы жұмбақтар шешу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Күз туралы тақпақтар жаттау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | "Күз" тақырыбына байланысты мнемокарточкалармен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. **(қарым-қатынас іс-** | Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Балаларға ертегіні оқып таныстыру, ертегі мазмұнын түсініп, өз ойларын жеткізе білуге қамқор болуға, арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. (Арыстан мен тышқан)<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дидактикалық ойын:**«Ненің даусы?»<br>**Мақсаты:** Балалар әр түрлі аңдардың дауыстарын тыңдап, қандай жануар екенін табады.<br>**Ертегіні оқып беру.**<br>**Дид ойыны «Жауап бер»**<br>**Шарты:**Балалар доп арқылы тәрбиешінің ертегі мазмұны бойынша | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүруге, жүгіруге жаттықтыруды жалғастыру. Баскетбол элементтерімен таныстыру.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және | **Сауат ашу**<br>**Міндеттері:** Суреттен дауыссыз дыбыстар-дан басталатын сурет-терді таба білу қабі-леттерін дамыту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>***«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы***<br>– Мен сендерге сөздер айтамын, дауыссыз дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. | **Сауат ашу**<br>**Міндеттері:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Сұрақ-жауап» ойыны.**<br>***«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны***<br>**Шарты:**Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді айту.<br>***«Дыбыс бер» дидактикалық ойыны***<br>– Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Ертегінің негізгі ойын ұғындыру,өз ойынан қорытынды жасай білуге дағдыландыру. Балаларды рөлдерге бөліп ойнай білуге дағдыландыру. (Арыстан мен тышқан)<br><br>**ҰІӘ барысы..**<br>Ұйымдастыру.<br>Псих.дайындық.<br>ІІ. Негізгі бөлімі.<br>**Жұмбақ айту.**<br>Айбарлы түсі бар,<br>Қанжардай сұсы бар.<br>Күжірейген жалды<br>Білсең айт бұл аңды?<br>**«Суретті құрастыр» ойыны**<br>**Шарты:**Бірнеше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Музыка тыңдау. Музыкалық дидактикалық ойын**. «Тыңда, қайтала» **Ән айту.** | 5.Қорытынды бөлім. | |
| **Серуен** | **Картотека №7** | **Картотека №8** | **Картотека №9** | **Картотека №10** | **Картотека №11** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Піл".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету.<br>**(жапсыру)**<br>**Айсұлтан** | **,Бала тілін дамыту.**<br>**"Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)**<br>Шулы өзенге барайық,<br>Орын таңдап алайық.<br>Ақ сазанға ау құрып,<br>Болат қармақ салайық.<br>Жүр, балалар, тұрмалық,<br>Гүл терелік, қыр барып.<br>Өкінбейік, даланың<br>Қызығынан құр қалып.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Әлима** | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Кеме".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету.<br>**(жапсыру)**<br>**Бекзат** | **,Бала тілін дамыту.**<br>**"Жаз" (Ілияс Жансүгіров)**<br>Жерің анау,<br>Жасыл жолақ кілемдей.<br>Желің мынау,<br>Жігіт айтқан өлеңдей.<br>Көлің анау,<br>Той ғып жатқан ауылдай.<br>Күнің мынау,<br>Елжіреген енеңдей.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Нұриман** | "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Нұрәли** |
| Балалардың дербес | **С/р/о «Дәрігер»** | **С/р/о«Асхана»** | **С/р/о «Мектеп»** | **С/р/о «Шаштараз»** | **С/р/** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мақсаты:** Балаларға дәрігер не үшін қажет екендігін түсіндіру, дәрігер деген құрмет сезімін тудыру. | **Мақсаты :**Үлкендердің еңбектерін ескере келе , өздерінің қалай ұстау керек дағдыларын ұштастыру. Ас атауларын білу. | **Мақсаты:** Балаларға рөлдерді бөліп беріп , бір-біріне сыпайылық көрсетіп , қарым - қатынас жасауға үйрету. | **Мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа , әсемдікке тәрбиелеу. | **о«Дүкен»Мақсаты :**азық – түлік атауларын атап, ақшаның қажеттілігін түсініп, сатушы қызметін дұрыс білуге үйрету.Ойынға қызығушылығын арттыру. |
| **Балаларды үйге қайтару** | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып _ - 0 «ә» сынып, Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 18 - 20 наурыз 2024 ж.**

**Бекітемін:**

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бимагамбетова.М.Т

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: көктем мезгілі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.<br>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (коммуникативтік, ойын әрекеті). | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата –аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | | | | |
| | | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Жас зерттеуші<br>"Зергерлік бұйымдар"<br>Мақсат-міндеттер: ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, шығармашылығын арттыру. | "Көктем" өлеңін жаттау.<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>Ы.Алтынсарин<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгілік жаттығу | Картотека 27 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті). | Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету.(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу.(қарым-қатынас іс-әрекеті) | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Т. Айбергеновтың «Көктем» өлеңін мәнерлеп оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру.Шешендікке баулу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д. ойын: «Сұраққа жауап бер».**<br>**Шарты:**Доп арқылы, тәрбиеші нің сұрақтарына жауап береді.<br>Т.Айбергенов «Көктем» өлеңі.<br>Дид.ойын: «Кім тез жаттап алады?».<br>Көктем қандай көңілді,<br>Көктен жаңбыр төгілді.<br>Мөлдір аспан ашылып,<br>Күнінің көзі көрінді.<br>Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты».<br>Шарты:Тәрбиеші ұшатын заттын атын атаса,балалар ұшқандай қимыл жасайды. Ұшпайтын затын атын атаса, қозғалмай бір орында тұрады..<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:**Шартты өлшемнің | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындауға, оларды алмастыруға, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыруға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**Берілген тақырып аясында диалогке қатысу. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>ҰІӘ барысы..<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>Балалар күннің көзі сурет тастап кетіпті бірақ суретші барлығын шатастырып алыпты. Суретті қалпына келтіруге көмектесесіңдер ме?<br>Балалар бұл сурет қай мезгілге ұқсайды? Балалар біздің бүгінгі | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөйлем сызбасын құруды үйретуді жалғастыру, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Педагог оқу қызметін «Бөлшектерінен тап» ойынымен бастайды.<br>Көз, ауыз, желбезек – ... *(балық)*<br>Бас, қанат, аяқ – ... *(құс)*<br>Құлақ, көз, жал – ... *(жылқы)*<br>Бас, мүйіз, сақал – ... *(ешкі)*<br>«Жоғалған дыбысты тап»дидактикалық ойыны<br>–Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Қайсысы ауыр?».**<br>**Шарты**:берілген суреттерден суреттер жұбын ұсынады, оларда қайсысы ауырырақ екенін белгілеу керек.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Мына жануарлардың қайсысы сүт береді? Түйе беретін сүт қалай аталады ? (шұбат) Жылқының сүтінен не жасайды? (қымыз)<br>Д.О. «Салыстыр».<br>Шарты: Салмақты салыстыру үшін не істеу керек? (Өлшемдерді санап, санын салыстыру.)<br>Д.о.«Сиқырлы қапшық»<br>Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті:**Сөйлем ұғымымен таныстыруды жалғастыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен | ҰІӘ тақырыбы: «Келді, көктем құлпырып» Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай?Көктемде күн қандай болады?Көктем мезгілінде далада қандай өзгерістер болады? Көктемнің алғашқы айы — Наурыз. Бұл айда күн жылынып, қар еріп, жылғалардан су ағады. Бұтақтар бүршік жарып, жер көктейді. Жаңбыр жауып, күн күркірейді. Малдар төлдейді. Құстар жылы жақтан ұшып келеді. Күн ұзарып, түн қысқарады.<br>Д.О: «Суреттер сөйлейді»<br>Шарты:сурет бойынша жұмыс.<br>Дидактикалықойын: «Сәйкестендір»<br>**Тіл жаттығу:**<br>Тем-тем-тем<br>Құлпырып келді көктем<br>Ла-ла-ла<br>Гүлденді дала<br>Ыр-ыр-ыр<br><br>Жауады жаңбыр<br>Тар-тар-тар<br>Ұшып келді құстар<br>Қорытынды.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Мемлекеттік мерекенің ( Наурыз мейрамы) маңыздылығын түсіну, оған белсенді қатысу. | сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар.<br>Мысалы: *көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбыр...(а), қасқы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ), мекте...(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ояу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгіт.б.*<br>«Дұрыс көрсет»дидактикалық ойыны<br>–Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтқызып үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»дидактикалық ойыны<br>Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.<br>Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді.<br>Ғажайып сәт. Балалар қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық.<br>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.*<br>-та буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*-Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы,тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*<br>-ба буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*-Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ,* | **ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Ойын: «Көкөніс пен жемістер»**<br>**Шарты:**Балалар көкөніс пен жеміс аттарын жаңылмай айтып шығуы тиіс. **Дидактикалық ойын: «Наурыз көже».**<br>**Шарты:.үлестірмелі материалмен жұмыс. Қорытынды.**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеті:** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтары мен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.ҰІӘ барысы.<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Не өзгерді?».**<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Жасалу жолдарын көрсету.**<br>**Өз бетінше жұмыс.**<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>**Қорытынды.** | Мысалы: -қ дыбысы: (*қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)*<br>-т дыбысы:*(тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тонт.б.)*<br>Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз.<br>Сызбамен жұмыс<br>Г*рафикалық жұмыс.*<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды.**<br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Геометриялық фигуралар(шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>Дид.ойын: «Сөйлем құра».<br>Шарты:Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>***Рефлексия*__ Қорытынды.**<br>**Музыка**<br>**Міндеті:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Псих дайындық**<br>**Негізгі болім**<br>**таныстыру.**<br>**Музыка тыңдау.**<br>**Музыкалық дидактикалық ойын. «Тыңда, қайтала»**<br>**Ән айту.**<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс.**<br>**Қорытынды**. | | тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрысатау.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Фигуралар қалай аталады?»**<br>**Шарты: Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Дид.ойын: «Көлік».**<br>**Шарты:торкөздер бойынша көлікті қайталап салу.**<br>**Дид.ойын: «Қи ждәне жапсыр». Шарты: үлгі бойынша аппликация жасайды.**<br>**Графикалық жұмыс.Қорытынды.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д.О. «Не өзгерді?»**<br>**Шарты:сурет бойынша жұмыс.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Д.о: «Сен не істер едің?»**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br>**Музыка**<br>**Міндеті:**Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>ҰОҚ барысы:<br>Ұйымдастыру.<br>Псих дайындық | | |
| Серуен | Картотека №11 | Картотека №12 | Картотека №13 | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Артикуляциялық жаттығу.<br>«Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?»<br>Күмбір-күмбір - домбыра,<br>Шертеміз біз қуана.<br>Сыңғыр-сыңғыр - дутарда,<br>Шертеміз біз қуана.<br>Тын -тын -тын - балалайка,<br>Қуаныш сыйлар балақайға.<br>Уілдейді сырнай,<br>Келіп тартшы балақай. | Жаңылтпаштар жаттау.<br>1. Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>2. Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3. Қырда қырау,<br>Қызыл ала бұзау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) Нұрали | Өлең жаттау.<br>Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз".<br>Дос, бауыр көп,<br>Тосқауыл жоқ,<br>Айқара ашық есігі,<br>Ұлы Отаным,<br>Гүл Отаным -<br>Тыныштықтың бесігі.<br>«Медина, Қарақат, Мансұр) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құбылады қобыз<br>Біз ойнамай қоймаймыз.<br>Балалар бір рет айтып болғаннан кейін, аталған аспапта ойнауды қимылмен көрсетулеріне болады.<br>Үшінші рет айтылуы мен қимылы бірге жасалады.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Айсұлтан | | Тілегі бір,<br>Жүрегі бір,<br>Достармен біз біргеміз.<br>Туыс барда,<br>Құрыштан да,<br>Берік біздің іргеміз.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Нұриман | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Математика негіздері – танымдық,ойынәрекеттері (Дидактикалық ойын «Көңілді пішіндер») | Сөйлеуді дамыту, математика негіздері - ойын, танымдық,коммуникативтікәрекет (Сюжетті-рөлдік ойын «Асхана»)<br>Еркін ойын | Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(қимылды ойын «Тауықтар мен түлкі»)<br>Еркін ойын | | |
| Балаларды үйге қайтару | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып: - 0 «ә» сыныбы,** **Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 01 - 05 сәуір 2024 ж.**

**Бекітемін:**
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бимагамбетова М.Т

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: көктем мезгілі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(коммуникативтік, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата –аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Бес саусақ».**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шықсаң,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Төрт жақты лото».**<br>Міндеттер:1-ден10-ға дейін санау, не бейнеленгенін,түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы. Бала аталған санды сурет арқылы, санның неше бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге құрастырады. | **"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны «Есіңе сақта».**<br>Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын тексереді.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Фотосуреттер қарастыру «Ұлттар достығы».**<br>Фотосуретте бейнеленген ұлттар достығы тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(танымдық іс-әрекет)** | | | |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Картотека № 28 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Бір шаңырақ астында" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Қалалар" сөздік ойыны.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Кемпірқосақтың түстері" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты:Түстерді ажы рата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді се зіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін дауыс күшінің түрлі дәрежесін қолдана білуге үйрету.(Ақ бидай ертегісі)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы :**<br>Бала балараны қуалады,<br>Балара баланы қуалады.<br>( Қатты, сыбырлап айтады ).<br>**Дид.ойын: «Актер»**<br>Бүгін сендермен актёр | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Ересектің белгісімен тоқтап, жүруге үйрету. **ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Қазақ | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:**Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап» –Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:**Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Педагог балалармен «Кім не істейді?» ойынын ойнау арқылы балаларды ұйымшылдыққа шақыра отырып оқу қызметін бастайды. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып шағын шығармаларды айтып бере алуға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Мақал:** «Алғыспен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». – Балалар, қалай ойлайсыңдар, алғысты қандай балаларға айтады? Алғысты жақсы ісәрекет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болуды үйренуді жалғастырамыз.<br>Сендерге нені көрсет десем, соны бет-әлпеттеріңді қозғалту арқылы бейнелейсіңдер.<br>1. Қабақтарыңды түйіп, ашулы адамның кейпін көрсетіңдер. 2. Қатты қорқу қажет. Қасқырдан қорыққан қоян сияқты немесе ұядан құлап түскен балапан сияқты, иттен қорыққан бала сияқты. 3. Жылап тұрған баланы көрсету. 4. Күлімсіреп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету.<br>5. Өлең айтып тұрған адамды көрсету.<br>Педагог «Ақ бидай» ертегісін ұсынады. Ертегі желісі бойынша салынған суреттерді көрсете отырып мазмұнын баяндайды (Қосымшаны қараңыз).<br>**Дид.ойын: «Көңілді доп».**<br>**Шарты:**Педагог допты лақтыра отырып, балаларға ертегі | халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Сендер үйлеріңе қонақ келгендіжақсы көресіңдер ме? – Қонақ күткенді ше? Кімнің үйіне қонаққа жиі барасыңдар?<br>**Д.О:** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты**:сурет бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалықойын: «Сәйкестендір».**<br>Ойын. «Қонақ күтеміз»<br>Тәрбиеші: балаларды екі топқа бөліп, Бірінші топ - «Қонақтар». Екінші топ -«Үй иелері. Қонақты қалай күту керек екенін көрсетеміз.<br>- қонақпен амандасамыз.<br>- үйге кіргізу. | дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.<br>Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)<br>–Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар.<br>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»<br>–Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суретке қарап сөйлем құра. Сызбасын сыз. | Шофер не істейді? Ұшқыш не істейді? Етікші не істейді? Бағбан не істейді? Ұста не істейді?<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»<br>(*Педагог тақтаға алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын іледі.*<br>– Сөздегі дыбыстарды анықтаңдар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті?<br>Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен | жасаған немесе көмек көрсеткен балаларға айтады. – Сен өзің басқа бір адамдардан алғыс естідіңбе?<br>«Алтын бала»әңгімесімен таныстыру.<br>**«Көңілді доп» ойыны.**<br>– Әңгіме ұнадыма? – Әңгімедегі баланың іс-әрекеті сендерге ұнадыма? – Анасы Зәукенді қайдажұмсады? – Зәукен атайдың қандай затын жөндепберді? – Әжей Зәукен туралы неайтты? – Анасы неге қуанды? – Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың?<br>**Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты: сурет бойынша жұмыс.**<br>Сурет бойынша әңгімеле: – Суретте Зәукеннің анасы не істепжатыр? – Анасы баласына не деді? – Анасы баласын іздеп барғанда кімменкездесті? – Әже |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша сұрақтар қояды.<br>– Ертегі сендерге ұнады ма? – Қандай кейіпкерлермен таныстық? – Ақ бидайдың жағдайы неге нашарлады? – Оның өсуіне не кедергі болды? – Ақ бидайға кім көмектесті? – Ертегі бізді неге үйретеді?<br>**Сергіту сәті.**<br>**Ойын: «Көңіл күйі»** (ым-ишара, дауыс ырғағы арқылы көрсету).<br>– Қуаңшылық болғанда ақ бидай қалай қысылды? ( Жылау. ) – Кедергі жасаған өсімдіктерге қалай ренжіді? (Ренжу.) – Адамға мұңын қалай жеткізді? ( Мұңаю. ) – Адам көмектескенде қалай қуанды? ( Қуану. )<br>( Ә) Әліппе-дәптермен жұмыс. Бидайға көмекке келген кейіпкердің суретін сал.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері** | - төрге шығару<br>- дастархан жайып, қонақ күту.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. **ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>*Балалар, бүгін біз сендермен саяхатқа шығамыз. Қане көздеріңді жұмыңдаршы, енді ашайық. Балалар , біз жайлауға келдік. Қане, қалай демаламыз? Бәріміз таза ауамен дем алайықшы. Орманда нелерді көріп тұрмыз?*<br>**Д.о: «Кім тапқыр?»** | Сөздерді буынға бөліп айт.<br>Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.<br>**Сызбамен жұмыс**<br>**Г*рафикалық жұмыс.***<br>**Рефлексия**.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:**Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Қай табақша төмен түседі?»** Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?<br>Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды.<br>Кім (не) ауырырақ?<br>**Дид.ойын:«Тез жауап бер».**<br>Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? | саластырады.<br>Педагог көмек керек балаларға көмектеседі.<br>**Д.о.: «Сөйлем».**<br>**Шарты:**сызба бойынша сөйлем құрастыру.<br>Графикалық жұмыс.<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды.**<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**:Сөздер мен фразаларды дұрыс дыбыстау. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Жалғастыр».**<br>Педагог сөйлемді бастайды, балалар жалғастырады.<br>**Д.О: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:** Сурет бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сыңарын тап».<br>**Мақсаты:** | мен ата баланың анасына неайтты? – Анасы баласына қалай қарады?<br>– Өзің анаңа қалай көмектесетініңді айтыпбер.<br>**Мақал:** Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.<br>**Қорытынды.**<br>**Математика**<br>**Міндеті:**Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Дид.ойын: «Санын жаз».**<br>– Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.<br>Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.<br>**Дид.ойын: «Дұрыс орында».**<br>– Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:**Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Топтық практикалық жұмыс.** Таразымен жұмыс.<br>**Дид.ойын: «Салыстыр».** Заттарды салмағы бойынша салыстыру.<br>**Жұптық тапсырма.**<br>**Дид.ойын: «Қайсысы жеңіл?».** Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Дид.ойын: «Анықта және боя» –<br>Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға | **Шарты: жұмбақтардың шешуін табу**<br>**Д.о: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:** сурет бойынша жаңа тақырыппен таныстыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сәйкестендір»<br>**Қорытынды.**<br><br>**Шығармашы лық іс-әрекет (құрастыру)**<br>**Міндеттері:** Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Не өзгерді?».**<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Жасалу жолдарын көрсету.** | Не жеңіл? Сиыр ма, ит па?<br>Не ауыр – дәптер ме, кітап пе?<br>Не жеңіл? Піл ме? Тышқан ба?<br>Не ауыр – көзілдірік пе,аяқ киім бе?<br>Не жеңіл? Телефон ба, теледидар ма?<br>Не ауыр – шаңсорғыш па, қолшатыр ма?<br>Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?<br>**Графикалық жұмыс.Қорытынды.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Дид.ойын: «Суреттер | Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті**: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Дидактикалық ойын: «Өсімдіктер әлемі»<br>Шарты:Сурет бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын:**«Сәйкестендір»<br>**Шарты**:Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**Боямақпен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім.** | торкөзге жоғары сызық сыз.<br>– Тоқта.<br>– Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>– Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>– Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.<br>**3.Рефлексия.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке).<br>Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды.<br>Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.<br>Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс. Графикалық жұмыс. Қорытынды.**<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті:**Дыбыстық талдау және сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген | **Өз бетінше жұмыс. Көрме ұйымдастыру. Қорытынды.** | сөйлейді» Шарты: Сурет бойынша жұмыс.<br>Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>Таңертең ... (тұрамын).<br>Бетімді ... (жуамын).<br>Тісімді ... (тазалаймын**).**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс. Қорытынды.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих дайындық**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. | **2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4.Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** | жауап береді.<br>Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай).<br>Коржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.<br>– Мынау – торсық.<br>– Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды).<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Торсық неден жасалады?<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай).<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостағанмен не ішеді?<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Сөйлем»**<br>**Шарты:** сұрақтарға толық жауап беру.<br>Қандай көлікпен бар дың? Сүйікті сусының?<br>Достарыңның аты?<br>Сүйікті ойыныңның аты қандай?<br>**Ойын: «Дұрыс қос»**<br>Педагог тақтаға екі | | Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер:<br>«Қамажай» х.ә.<br>(өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә.<br>(өңдеген Б. Дәлденба й**Қорытынды.** | | – Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Тостаған неден жасалған?<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>– Мыналар – нелер?<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.<br>– Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?<br>«Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі,<br>Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды.<br>Мысалы**: Менде** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>***Рефлексия__***<br>**Қорытынды**.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті**:Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Псих дайындық**<br>**Негізгі болім**<br>Музыка тыңдау:<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер:<br>«Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта | | | | **тостаған. Сенде не?**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №14** | **Картотека №15** | **Картотека №16** | **Картотека №17** | **Картотека №18** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен көктем мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-** | **Өлең жаттау.**<br>Бала тілін дамыту.<br>Көкке ұшамын -<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңына ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>(Тұманбай Молдағалиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Ақжарқын** | **"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын...<br>Мен ғарышкер боламын.<br>Ж.Смақов<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Каусар** | **Топпен -Қимылды ойын:**"Ғарышқа самғап ұшайық."<br>- Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы!<br>Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау),<br>Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).<br>Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю),<br>Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу")<br>- Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтарды үзбей салу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Нұрәли** | **әрекеті)Нұриман** | | | **"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын...<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Нұрәли** |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?».<br>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.<br>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>-Бір тал кессең, он тал ек. | Қимылды ойын. «Бәйге».<br>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. | **Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».**<br>**Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.** | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы.<br>Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. | **Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»**<br>**Мақсаты:**<br>**белгі бойынша әрекет етуге үйрету;**<br>**ойын шартын сақтап ойнауға баулу;**<br>**Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру.**<br>**Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.** |
| **Балаларды үйге қайтару** | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып _ - 0 «а» сынып._ Балалардың жасы- _5 жас_**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) _08- 12 сәуір 2024 ж._**

**Бекітемін:**

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бимағамбетова М.Т

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: көктем мезгілі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.<br>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(коммуникативтік, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата -аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын «Әр жыл мезгілінің баласын сәйкес түсіне сәйкестендір»**<br>**Мақсаты :** Сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау | **Дидактикалық ойын «Жаңды сандар»**<br>**Мақсаты:**10 көлеміндегі сандарды салыстыру, санға мен затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны мен заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. | **Дидактикалық ойын «Не артық?»»**<br>**Мақсаты :** Сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау. | **Дидактикалық ойын «Көктем мезгілінің белгілерін ата»**<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорларын дамыту.Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында | **Сөздік ойын «Бір сөзбен ата»**<br>**Мақсаты :** балаларды заттарды топтастыра алады.<br>Тәрбиеші бірнеше сөздер айтады, балалар сол сөздерді бір сөзбен айту керек.<br>Қияр, сәбіз, жуа ...(Сөйлеуді дамыту, математика негіздері, ) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және түсіну.Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау<br>**(***Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)* | (*Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі математика негіздері)* | талдау, салыстыру, ажырату.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>*(Сурет салу, қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту.)* | заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>.(*қазақ тілі, сөйлеуді дамыту қоршаған ортамен танысу)* | |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Картотека № 29 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.<br>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін. | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер, | **Шаттық шеңбері**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Біз болашақ гүліміз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Ертегіні оқып бере отырып, балаларды батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Жұмбақтарды шеше білуге үйрету. («Сәруар»ертегісі)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады. (Аю)<br>Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған. | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Заттардың арасымен аттап жүруге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл – қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ғажайып сәт.** Балалар қуыршақ Айсұлу бізге тапсырмалары бар хатқалта алып келіпті. Қуыршақты үстел үсіне жайғастырады. Педагог хатқалтаны ашып, тапсырмаларын оқиды. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Педагог оқу қызметін **«Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Ғарышқа тұңғыш ұшқан қазақ Тоқтар Әубәкіровтің ерлігін балаларға түсіндіру. (Т.Молдағалиевтің «Тоқтар батыр»өлеңі)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.** «Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз». ан әлеміне ұшқан тұңғыш қазаң Тоқтар Әубәкіровпен танысады.<br>**Т.Молдағалиевтің «Тоқтар батыр»өлеңін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Мысық)<br>Өзі бір қу,<br>Жүрген жері айқай шу<br>(Түлкі)<br>Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады.<br>(Қоян)<br>Адамға серік,<br>Күзетке берік<br>(Ит)<br>Белестен шапқан бесті ат,<br>Бүкір келген желісті ат.<br>Бейғам елде іздейді,<br>Малдан күдер үзбейді.<br>(Қасқыр)<br>**«Сәруәр» ертегісімен таныстыру.**<br>**Дид.ойын: «Көңілді доп».**<br>**Шарты:**Педагог допты лақтыра отырып, балаларға ертегі бойынша сұрақтар қояды.<br>- Сәруар қайда ұшпақ болды?<br>- Не үшін Аюға барды?<br>- Аю келісті ме?<br>- Қасқыр келісті ме?<br>- Түлкі келісті ме?<br>- Қоян неге қорықты?<br>- Айға ұшуға күшік пен | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Сурет бойынша әңгіме құрауда тірек сөздерді қалай пайдалану керектігін түсіндіру.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Сұрақ-жауап.**<br>**«Сиқырлы сандық»**<br>**Мақсаты:** балала рдың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.<br>**Шарты:** сыйқырл ы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы | (*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)* **-ал** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б .*<br>**-оқ** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.*<br>**-жа** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.*<br>Ойын соңында жұлдызшасы ең көп бала жеңімпаз болады. | Сиыр, ешкі, қой, жылқы – . . .<br>Тау, ағаш, гүл, тас –...<br>Қазан, қасық, кесе, тәрелке – .<br>Қаймақ, ботқа, ірімшік, май –<br>Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»<br>– Мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.<br>Мысалы: Жабайы аңдар, жәндіктер, ыдыстар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).<br>Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>**Дидактикалық ойын:** «Буынды айтып сөз құра»<br>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап | **оқу.**<br>**Өлеңді талдау.**<br>**«Көңілді доп» ойыны.**<br>– Әңгіме ұнадыма? – Әңгімедегі баланың іс-әрекеті сендерге ұнадыма? – Анасы Зәукенді қайдажұмсады? – Зәукен атайдың қандай затын жөндепберді? – Әжей Зәукен туралы неайтты? – Анасы неге қуанды? – Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың?<br>**Дид.ойын:**«Суреттер сөйлейді».<br>**Шарты:**сурет бойынша жұмыс.<br>**Қорытынды.**<br>**Математика**<br>**Міндеті:**Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Тәрбиеші тапсырманың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мысың неге келісті?<br>- Сәруардың нағыз достарын ата.<br>**Дидактикалық ойын: «Менің досым».**<br>**Ойын шарты:** Балалар бір-біріне гүл ұсына отырып,өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады.<br>- Әлішер, сен ақылды баласың.<br>- Жансая, сен әдемі қызсың.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:**«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>«Сиқырлы қалта» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.<br>1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. | дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру, яғни дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау.<br>**Д.О:** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты**:сурет бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалықойын: «Не артық?».**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды | **Дәптермен жұмыс**<br>Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра. Дыбыстық талдау жаса Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог балаларға орындарында өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады.<br>Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп бір- бір баладан тақтада жасатады. Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді.<br>*Таң* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>**Сызбамен жұмыс**<br>**Г*рафикалық жұмыс.***<br>**Рефлексия**.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:** «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.** | айтады.<br>Мысалы*: Ал.. . . .ма , ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бә...тенке, т.б.*<br>Педагог өз ойынан басқа да буындарды айтса болады.<br>Балалар сендердің дендерің сау, мықты болып өсу үшін дәрумендері мол, балғын тағамдармен қоректенулерің керек.<br>**Д.о.: «Сөйлем».**<br>**Шарты:**сызба бойынша сөйлем құрастыру.<br>Графикалық жұмыс.<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды.**<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**:Балаларға ғарыш туралы түсініктер бере оты рып,қазақ елінің тұңғын ғарышкерлері Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаевтардың ғарыш әлеміндегі ерлігі туралы түсінік | орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс құрастырған бір партадағы балаларға жұлдызша беріп, мадақтайды.<br>- Ілияс пен Айсұлу жануарлардың әрқайсысын өз үйлеріне орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.<br>**«Өз орныңды тап» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.<br>Тәрбиеші балаларға 0-ден 10-ға дейінгі цифрларды таратып береді. (балалар цифрлар болады). «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау.<br>Тәрбиеші балалардың ортасына «сиқырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қалтаға» салып, кез келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын «сиқырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Ілиястың, қыздар Айсұлудың неше түйме қадағандығын анықтайды.<br>**Топтық жұмыс.**<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**Дид.ойын: «Салыстыр».Жұптық тапсырма.** | сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі туралы мәлімет беру.<br>**ҰІӘ барысы. Негізгі бөлім.**<br>**Д.о:**«Өсімдіктер»<br>**Шарты:** суреттер бойынша жұмыс.<br>**Д.о: «Не артық?».**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Дид.ойын: «Мұқият бол!»**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеті:** Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді | **Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Біреу және көп».**Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.<br>Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді**Дид.ойын:«Тез жауап бер».**<br>**«Не өзгерді?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. | беру. Сөйлем құрай білу дағдыларын дамыту.<br>**ҰІӘ барысы. Ұйымдастыру. Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Жауап бер».**<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктемде табиғат қандай құбылыстарға өзгереді?<br>-Көктемнің неше айы бар? Айларын атаңдар.<br>-Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?<br>-Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.<br>-Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?<br>-Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар.<br>-Балалар аспаннан нелерді көруге болады?<br>**Д.О: «Суреттер** | тоқтасымен балалар тез бір қатарға тұра қалады. Қалған балалар «цифрлардың» орындарын дұрыс тапқандықтарын тексереді. Содан кейін тәрбиеші бірнеше баладан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрайды. **Дид.ойын: «Дұрыс орында».**<br>– Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.<br>– Тоқта.<br>– Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>– Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>– Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дид.ойын: «Бір және көп».**<br>**Суретпен жұмыс.Дид.ойын: «Анықта және боя»**<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті:**Сөйлем сызбасын құруды жалғастыру, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br><br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Педагог сөздер оқиды, балалар қай мезгілге жататынын табады.<br>1. Қыргүйек, қазан, қараша – 2. Желтоқсан, қаңтар, ақпан –<br>3. Наурыз, сәуір, мамыр – 4. Маусым, шілде, тамыз –<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. | сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Не өзгерді?».**<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Жасалу жолдарын көрсету.**<br>**Өз бетінше жұмыс.**<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>**Қорытынды.** | Мазмұны: Тәрбиеші екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрайды.<br>**Графикалық жұмыс.Қорытынды.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** «Тырна мен түлкі» ертегісінің мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Д/ойын: «Ненің төлі?» Ойынның мақсаты:** балаларға үй жануарларының төлдерін ажырта білуге үйрету. | **сөйлейді».**<br>**Шарты:** Сурет бойынша жұмыс.<br>Ойын: «Ұшты-ұшты»<br>«Ұшты-ұшты» зымыран ұшты.<br>«Ұшты-ұшты» қалам ұшты.<br>«Ұшты-ұшты» торғай ұшты.<br>«Ұшты-ұшты» кітап ұшты.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті**: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Көгілдір экран» дид.ойын.Шарты :**Экраннан ғарышкерлер туралы мәліметтер алады.<br>**Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:** Сурет | көрсет. Бұл ит**.**<br>**3.Рефлексия.**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**«Әке мен бала» әңгімесін тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Не артық?» «Әке мен бала»әңгімесімен таныстыру.**<br>**Ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Дид.ойын: «Кім бірінші?».**<br>**Мақал мәтелдер**<br>Еңбексіз өмір жоқ<br><br>Еңбектің наны тәтті<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?<br>Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы?<br>Жіңішке дауысты дыбыстарды жасалу жолын түсіндір?<br>Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?<br>Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Дидактикалық ойын: «Тиісті  түсті көрсет»<br>Педагог дыбыстарды айтады: к, ө, б, н, т, ч,с, ы, п, р, л, д, ф, ж т.б. Балалар тиісті  түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса,  көк жалаушаны көтеру керек.<br>Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»<br>–Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты | | **Ертегіні оқу.**<br>**Ертегіні талдау.**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»**<br>**Шарты: Ертегіні құрастыр**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**Музыкалық шығарманың сипатын ажырату . (көңілді, салтанатты, қуанышты ашық- жарқын, көңілсіз мұңды, қайғылы).<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Псих дайындық**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Музыка тыңдау:<br>Ән айту:<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Музыкалық аспапта ойнау. **Қорытынды.** | бойынша жұмыс.<br>**Дид.ойын: «Ол...».**<br>**Шарты:** Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**Боямақпен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Кегльдердің арасыменен аттап жүру ге үйрету.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім.**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4.Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** | (ұзындығы 20 метр) жүгіру.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>Қимыл –қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытынды бөлім. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.<br>Мысалы:... *ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ... (қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п)* т.б.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>***Рефлексия***__<br>**Қорытынды**.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті**:Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Псих дайындық**<br>**Негізгі болім**<br>Музыка тыңдау:<br>Ән айту:<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Музыкалық аспапта ойнау: | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №19** | **Картотека №20** | **Картотека №21** | **Картотека №22** | **Картотека №23** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Тырна".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Заңғар** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1. Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші ... бес пысық.<br>2. Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім,<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3. Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті) Бекзат** | **Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».**<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>«Жайнар кезім келді» - деп,<br>Қанаттарың желбіреп,<br>Таңмен бірге оянып,<br>Күн нұрына боянып,<br>Көрік бердің балаға.<br>Гүлдер, гүлдер не түрлі<br>Құлпырды да, жетілді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Әлима** | **"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Айсұлтан** | **«Үзік сызықтарды қос»**<br>Мақсат-міндеттер: Штрихтан шықпай дұрыс жазуға икемдеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Асылан** |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.<br>Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>ойын шартын сақтап ойнауға баулу; | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс | Қимылды ойын. «Бәйге».<br>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны. | Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».<br>Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.<br>Жеке жұмыс<br>Жаңылтпаштар жаттау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.<br>Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.<br>Қара жерге де, қамқорлық керек**(қарым-қатынас іс-әрекет)**. | Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру**(қарым-қатынас іс-әрекет)**. | координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы.<br>Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | Үйір, үйір үйректі,<br>Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>Қаз маңғаз.<br>Мақсаты: сөздік қорларын байыту.<br>Тыйым сөздер:<br>Құс ұясын бұзба.<br>Құсқа тас атпа.<br>Құс жұмыртқасын сындырма. **(қарым-қатынас іс-әрекет)** |
| **Балаларды үйге қайтару** | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып – 0 «а» сынып.** **Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 15- 19 сәуір 2024 ж.**

**Бекітемін:**

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бимагамбетова М.Т

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: көктем мезгілі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.<br>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(коммуникативтік, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата -аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»**<br>Тренинг<br>Балалар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды | **Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру<br>Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау.<br>**Еңбек тапсырмасы:** Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | **Ойын: «Мейірімділік жібі»**<br>**Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жай бермеймін, Кімнің немесе неңің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай кезекті балаға бересіңдер. | **Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу**<br>*Қайда бара жатқанымызды айтамыз, не істейтінімізді көрсетеміз*<br>*Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (ішу, жеу); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.* | **Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу**<br>*Осылай бола ма?*<br>*Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айналаны пікірді байқауға тәрбиелеу.*<br>*Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол мен бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.* |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Картотека № 30 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Бидай»<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | «Ақ тілек»<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | «Нанға біз тоямыз»<br>Көктемде жерді жыртамыз,<br>Тегістейміз тырмалап.<br>Дәндерді оған егеміз,<br>Жайқалып көктеп шықсын деп.<br>Күз болғанда орамыз,<br>Нанға біздер тоямыз<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,і)** | **Санамақ**<br>Ал санайық, санайық,<br>Сан сырына қанайық!<br>Бір саусақты жұмайық,<br>«Бір саны», - деп ұғайық!<br>Екі саусақ жұмайық<br>«Екі сан» - деп тынайық!<br>Үшіншісін жұмайық,<br>«Үш саны» - деп шығайық!<br>Тағы бірін жұмайық,<br>Төрт санына ылайық.<br>Жұдырықты жұмайық,<br>"Бес болды» - деп ұғайық. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | «Көлбең, көлбең, көлеңкем»<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Тасып піскен бидайды.<br>Айтшы қалай жинайды?<br>Комбайынмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**Әңгіме мәтінінің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br>Иллюстрациялар бойынша сұрақтар қояды және оларға жауап береді.<br>Кейіпкерлерге | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.** | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Дұрыс көрсет»дидактикалық ойыны**<br>–Балалар, мен сендерге | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру..<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дидактикалық** | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Жанрларды ерекшеліктері бойынша таниды.Өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіре алуға үйрету.(Оразақын Асқар «Тамақтанамын»)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | минездеме бере алады. (Әбді Шынбатыров «Автобуста»)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Шуақты күн» ойыны.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, ортада тұрған дөңгелек пішіннің айналасына сары түсті ұзынды- қысқалы жолақшаларды қоя отырып, жылы лебіздер айтады.<br>**Д/о: «Жер, су, әуе»** . Балаларға көлік түрлері көрсетіледі, ал олар оны классификациясын карточка арқылы көрсетеді.<br>**«Автобуста» әңгімесімен таныстыру.**<br>**Дид.ойын: «Сұраққа жауап бер».**<br>**Шарты:**Балаларға бір ойыншық беріледі. Музыка қосылғанда балалар бір-біріне | **3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе отырып, «т», «в» дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру.«Масақ» украин халық ертегісі.<br>**ҰІӘ барысы..**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Демонстрациялық суреттердегі бидайдың масағын, диірмен суреті, қапта тұрған ұн суреті, пештің суреті, бәліш суретін балаларға көрсетіп, оларға түсінік беру. | қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса,  екі жалаушаны да көтересіңдер.<br>Мысалы: -қ дыбысы: (*қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)*<br>-т дыбысы:*(тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс,  кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай,* | **ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»** (Педагог суреттерді көрсетеді). Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен  содан кейін екінші командамен ойнайды.<br>Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш (ө), етік(е), экскаватор (э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, | **Дид.ойын:**«Суреттер сөйлейді».<br>**Шарты:**сурет бойынша жұмыс.<br>Сендер тамақтанғанда өздерің қалаған асты ішкілерің келе ме? Тамақтану кезінде дәруменге бай тағам, жемісжидекпен тамақтансаңдар, бойларың да, ойларың да тез өсіп жетіледі. Ағзаларыңда дәрумен көп болса, денсаулықтарың да мықты болады, ауырмайсыңдар.<br>**«Тамақтанамын» өлеңімен таныстыру.**<br>**«Көңілді доп» ойыны.**<br>Шарты: Сұрақтарға жауап беру.<br>Өлең қалай аталады? –Не туралы айтылған?<br>–Өлеңдегі қандай сөздер есіңде сақталды?<br>–Өлеңнің бірінші жолы қандай сөздермен басталады?<br>–Тамақтану кезінде неге көңіл бөлеміз?<br>–Неліктен дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықты береді.Музыка тоқталған сәтте,ойыншық кімнің қолында қалады, сол тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br>-Апасы мен баласы қайда келе жатты?<br>-Автобустың ішінде қандай жағдай болды?<br>-Анасы балаларға не үшін рақмет айтты?<br>-Анасы баласына қандай бол деді?<br>( үлкенді сыйла, кішіпейіл, қайырымды бол деді)<br>- Сендер қалай істер едіңдер? - Жақсылық жасаған адамға қандай сөз айту керек? Жарайсыңдар, балалар! Балаларға бірнеше суреттерді көрсету арқылы сөйлемдер құрату. Қоғамдық көлікте өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіру. | **Жаңа сөздерді «телефон» ойыны арқылы қайталату.** Ойынның ойналу шарты: педагог жаңа сөзді айтады, балалар бір-бірінің құлағына сыбырлап айтып шығады.Ең соңғы бала естіген сөзді айтып береді.<br>**«Масақ»ертегісімен таныстыру.**<br>-Ертегінің аты қандай екен?<br>-Қандай кейіпкерлер бар екен?<br>-Масақ деген не?<br>-Диірмен деген не, неге қажет екен?<br>-Үгіту дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Тышқандар сияқты болмаңдар, балалар!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қайсысы ірімшікті жақсы көреді?» Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты:** суреттегі бейнелердің | *троллейбус, автобус, тарақ, тонт.б.)*<br>Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз.<br>**«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны**<br>**Ойын шарты:** балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).<br>Тышқанның жауы – (мысық).<br>Әжем иірді – (ұршық).<br>Шәуілдеп үрді – (күшік).<br>Ең қу аң – (түлкі).<br>Үсті ине – (кірпі).<br>Қол жуғышта ілулі – (сүлгі).<br>**Сызбамен жұмыс** ***Графикалық жұмыс.***<br>**Рефлексия**.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:**Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыра алуға үйрету..<br>**ҰІӘ барысы.** | дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (к), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ ) т.б.<br>**«Берілген дыбысқа сөз ойла»ойын-жаттығуы**<br>–Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіңдер.<br>Мысылы: -ы- дыбысы сөз басында: ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, | тамақтану керек?<br>**Ойын: «Үстел басындағы тамақтану ережесін құрастыр»**<br>**Қорытынды.**<br>**Математика**<br>**Міндеті:** 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыра алуға үйрету..<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Сандарды ретімен сызып қос».**<br>**Шарты:**үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**Дид.ойын:«Пішінді құрастыр».**<br>**Шарты:**үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**«Не өзгерді?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Графикалық жұмыс.Қорытынды.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**«Әтеш пен тоты» ертегісінің мазмұнын сұрақтар бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын: «Қоғамдық автобустағы ережелер».**<br>**Ойын шарты:** Сурет бойынша ереже құрастыру.<br><br>**Д/ойын «Бағдаршам»**<br>Шарты:<br>Бағдаршамның түстері бойынша:<br>Қызыл түсті көрсеткенде – орындарынан тұру.<br>Сары түсті көрсеткенде – дайындалу.<br>Жасыл түсті көрсеткенде – жүреді.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:**Пішіннің бір формасы нан екіншісін қалай жасау | қайсысы ірімшікті жақсы көреді соны қоршап белгілейді.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыш тың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі туралы мәлімет беру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дидактикалық ойын :** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Артығын тап» Мақсаты:** Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**Д.о:«Жануарлар»Шарты: суреттер** | **Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>-Балалар сыныптағы заттар,оқу құралдары,ойыншықтар барлығы ортақ, заттарды бір-біріңмен таласпай бөлісіп пайдаланасыңдар.Бір сыныптағы балалар бір-бірімен тату,дос болу керек.Сендер дос,достық туралы қандай мақал-мәтел немесе тақпақ білесіңдер?<br>- Жарайсыңдар, балалар! Достық туралы біледі екенсіңдер. Балалар, қоршаған ортада көптеген оқиғалар болады. Мысалы: бір нәрсеге таласып бір - бірімен ренжісіп қалатын адамдар да кездеседі. Сондай адамдар туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?- Ендеше, ертегі тыңдайық.Ертеде бір кемпір мен шал болыпты. Екеуі тату - тәтті өмір сүріп келеді екен. Шал аяқ киім тігіп, ал кемпірі үй | ырылдады т.б.<br>-ы- сөз ортасында: маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.<br>-у- дыбысы кездесетін сөз: тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.)<br>-ү- дыбысы кездесетін сөз: үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б.<br>**«Сөзді өлшейміз»дидактикалық жаттығуы**<br>– Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа | әңгімелеуге үйрету, сөздік қорларын дамыту, адал дос болуға тәрбиелеу. Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге үйрету..<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Не артық?»**<br>**«Әтеш пен тоты»ертегісіменмен таныстыру.**<br>**Ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Дид.ойын: «Кім бірінші?».**<br>**Мақал мәтелдер**<br>**Дидактикалық ойын: «Суреттерді бояу»**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Тепе-теңдікті сақтай отырып,қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу..<br>**ҰОҚ барысы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек тігі туралы ұғымдарды дамыту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>«Құрастырып,атын тап» **дидактикалық ойыны**<br>**Шарты:**<br>Құрастырады және атайды.<br>**Топтық практикалық жұмыс.**<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>**Дид.ойын:** «Сиқырлы шаршы**»**.Мақсаты: Баланың жан-жақты ойлап, әр түрлі пішіндерден төртбұрышты құрастыру, шапшаңдығын арттыру. Шарты: әр түрлі пішіндерден төртбұрышты құрастырып шығады. Қандай бөліктерден құрағанын атап айтады. Пішіннің бетінде қандай сан шыққанын атап өтеді. | **бойынша жұмыс.**<br>**Д.о: «Не артық?»**<br>**.Үлестірмелі материалмен жұмыс.Дид.ойын: «Мұқият бол!»** Ал енді мен сендерге бүгінгі танысқан жануарлардың бір белгісін айтамын, сендер қандай аң екенін табасыңдар.<br>**Қорытынды.**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеті:** Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен | шаруасымен айналысып күнделікті күйбің тіршіліктерімен уақыттары өтіп жатыпты. Олардың көптеген тауықтары болыпты. Осы тауықтары күнделікті шал мен кемпірге көптеген жұмыртқалар тауып береді екен. Осылайша олар еш нәрседен кемшілік көрмей өмір сүреді. Күндердің бір күнінде ғажап құбылыс болып, тауықтарының бірі бір ғана алтын жұмыртқа табады. Жұмыртқа әдемі Мақал-мәтелді қайталайды Ертегіні тыңдайды<br>болып жарқырап жатады. Қанша ғұмыр кешсе де шал мен кемпір мұндай кереметті бұрын соңды көрмепті. Аяқ астынан тап болған байлыққа қуанып екеуі билей жөнеледі. Жұмыртқаны үйге алып келіп, шал кемпіріне бергісі келмейді. | болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: дос, бейбітшілік.<br>**Д.о.: «Сөйлем».**<br>**Шарты:**сызба бойынша сөйлем құрастыру.<br>Графикалық жұмыс.<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды.**<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**: Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Жауап бер».**<br>Балалар, сендер ертегілерді ұнатасыңдар ғой?<br>- Балалар біз бүгін барлық танысқан | **Ұйымдастыру.**<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>Қимыл –қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытынды бөлім. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Қай пішінге ұқсайды?» дид.ойын.**<br>**Шарты:** Тақтадан суреттер көрсетіледі. Балалар суретке қарап ұқсас пішіндерді айтады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту..<br><br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>Негізгі бөлім.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».**<br>**Ойын шарты:** балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады.<br>Өзімнің үлкен | көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын: «Не артық?».**<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Жасалу жолдарын көрсету.**<br>**Өз бетінше жұмыс.**<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>**Қорытынды.** | Осылайша екеуі жұмыртқаға таласады. Жұмыртқа жерге түсіп жарылып қалады. Олар өздерінің бұл істеріне өкініп қалады. - Балалар, ертегі ұнады ма? - Егер сендер ертегідегі атай мен әжейдің орнында болсаңдар жұмыртқаны не істеуге болар еді? Енді осыны білу үшін бүгінгі математика іс-әрекетінде затты тең екі бөлікке бөлуді үйренейікші. - Алдымен кез- келген затты тең екіге бөлу үшін, ол заттың қақ ортасын көзбен көру арқылы тауып алуымыз керек. - Енді оны ортасынан бөлгенде неше бөлік болды? - Бүтін бе? Жарты ма? - Екі бөлік немесе екі жарты пайда болды. Мінеки, балалар, жұмыртқаны тең екіге бөлуді көрдіңдер. Ертегідегі атай мен әжей де жұмыртқаны таласпай не істеуге болатын еді? - Балалар, айналамызда | ертегілерді еске түсіреміз<br>- Қане кім айтады біз қандай ертегілерді білеміз?<br>**Д.О: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:** Сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндап береді.<br>**Ойын: «Не артық?»**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>***Ойын:*** «Көгілдір экран»**Шарты:**Жаңа тақырып бойынша мәлімет алу.<br>**Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Шарты:** Сурет | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бауырым ... (а-ға)<br>Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға)<br>Ат тұяғындағы темір ... (та-ға)<br>Қап-қара құс ... (қар-ға)<br>Шегені қағатын ... (бал-ға)<br>Ең үздік баға ...(бес)<br>Білім алатын құрал ... (кі-тап)<br>Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап).<br>**Дидактикалық ойын: «Тиісті түсті көрсет»**<br>Педагог дыбыстарды айтады: к, ө, б, н, т, ч,с, ы, п, р, л, д, ф, ж т.б. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны көтеру керек.<br>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы<br>***Мақсаты:*** басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта | | жұмыртқадан басқа да барлық заттарды бөлуге болады.<br>**Дидактикалық ойын: «Жеміспен көкөністі бөл».**<br>Мысалы,жемістерді,көкөністерді. - Балалар, сендердің үстелдеріңнің үстінде геометриялық пішіндердің бірі-шеңбер бар.<br>**Дидактикалық ойын: «Пішінді бөл».**<br>Шеңберді қақ ортасынан бөлу арқылы тең екі және төрт бөлікке бөліп үйренеміз.- Балалар, тең екі бөліктің кез келгені жарты деп аталады. Теңдей екі жарты шығу үшін шеңберді неше рет бүктеу керек? Теңдей төрт бөлікке бөлу үшін шеңберді неше рет бүктеу керек?<br>**Графикалық жұмыс.Қорытынды.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**«Шаруа мен аю» ертегісін желісі бойынша рөлге бөлініп | бойынша жұмыс.<br>**Боямақпен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім.**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4.Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды бөлім.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.<br>***Ойын шарты***: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады.<br>Жылдам ойлап, келесі буынды табу.<br>Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.<br>*Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).*<br>*Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап.*<br>**Дид.ойын: «Попкорн». Шарты:** Попкорн ыдыстарына бір буынды,екі буынды және үш буынды сөздерді салу.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>***Рефлексия***__<br>**Қорытынды**. | | ойнауға, сөйлем құруға, кейіпкерлердің мінезін дұрыс жеткізуге дағдыландыру, кейіпкер әрекетін дауыс ырғағымен сомдауға баулу..<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Шарты:**жұмбақтарды шешу.<br>**Ертегіні оқу.**<br>**Ертегіні талдау.**<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті?<br>-Аюға қай жағын берді?<br>-Келесі жылы Шаруа неекті?<br>-Аю нені білмеді<br>Ертегіні рөлге бөліп ойнату.<br>**Дидактикалық ойын: «Актер»**<br>**Шарты:** Ертегіні | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br>**Міндеті**:Әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Псих дайындық**<br>**Негізгі бөлім** | | сахналау.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығана (қатты, ақырын)темвріне қарап | | |
| **Серуен** | **Картотека №24** | **Картотека №25** | **Картотека №26** | **Картотека №27** | **Картотека №28** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Тырна".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1. Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші ... бес пысық.<br>2. Үш кіші ішік | **Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».**<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>«Жайнар кезім келді» - деп,<br>Қанаттарың желбіреп, | **"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. | **«Үзік сызықтарды қос»**<br>Мақсат-міндеттер: Штрихтан шықпай дұрыс жазуға икемдеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Нұрәли** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Заңғар** | піштім,<br>Бес кіші ішік піштім,<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3. Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті) Дильназ** | Таңмен бірге оянып,<br>Күн нұрына боянып,<br>Көрік бердің балаға.<br>Гүлдер, гүлдер не түрлі<br>Құлпырды да, жетілді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Асылан** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Айсұлтан** | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Үйсіз қоян».<br>Мақсаты:<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. | Қимылды ойын «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы.<br>Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. | Қимылды ойын «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.<br>Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.<br>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады. |
| **Балаларды үйге қайтару** | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып _ - 0 «а» сынып_ Балалардың жасы- _5-6 жас_**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)_- 22 – 26 сәуір 2024 ж._**

**Бекітемін:**
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бимағамбетова.М.Т

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: көктем мезгілі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(коммуникативтік, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата –аналардың сұранысы бойынша кеңес беру.** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Әдебиет орталығы» «Тату досның бәрімі»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | Дойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | **«Бауырмал халық» Бояумамен жұмыс. Мақсаты:** Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің еліміздe тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды | **Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!» Мақсаты:** конструктор мекөсептеу тапсырмаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Дойын: «Достық» Мақсаты:** 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; **Ынтымақтыққа,** достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | | |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Картотека № 31 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер<br>Доссыз өмір-бос.<br>Жүз сомың болғанша,<br>Жүз досың болсын. | «Достық үйін құрамыз»<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | «Болмасын еш тосқауыл»<br>Жақсылыққа, бақытқа,<br>Талпынған әр уақытта.<br>Бала біткен дос, бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл. | «Күлімде, Күн, күлімде»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ. | «Ағайынбыз бәріміз!»<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша- бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз! |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілі гін сақтауға үйрету; Ертегіні тыңдата отырып, Қарлығаш адамға дос екенін, Дәуіттің адалдығын балаларға түсіндіру. («Қарлығаш пен дәуіт»ертегісі)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Шуақты күн» ойыны.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, ортада | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1.Кіріспе бөлім**<br>**2.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытынды** | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>Негізгі бөлім.<br>«Сөз жина, тез жина»дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге дыбыстар айтамын, | **Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Өткен тақырыптарды естеріне түсіріп қайталату.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»** (Педагог суреттерді көрсетеді).<br>**Ойын-жаттығу:**<br>**«Сөз таңда»**<br>Педагог мақалды | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. («Үш аю»ертегісі)<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:**«Бұл не?».<br>**Шарты:**сурет бойынша жұмыс.<br>Қыс бойына жатады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрған дөңгелек пішіннің айналасына сары түсті ұзынды- қысқалы жолақшаларды қоя отырып, жылы лебіздер айтады.<br>**Д/о: «Кім тапқыр?»**.<br>Қонып алып жарға, қарқылдайды… **(қарға)**<br>Өзі жасыл, әрі батыр, ол не? **(дәуіт)**<br>Өзі қара, бауыры ақ, ол не? ( **қарлығаш)**<br>**«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі**<br>**Дид.ойын: «Сұраққа жауап бер».**<br>**Шарты:**Балаларға бір ойыншық беріледі. Музыка қосылғанда балалар бір-біріне ойыншықты береді.Музыка тоқталған сәтте,ойыншық кімнің қолында қалады, сол тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br>**«Қарлығашты құрастыр»Шарты**:Балаларға қарлығаштың бөліктері беріледі. Балалар бөліктерден | **бөлім.**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктем мезгілінде жан – жануар, шыбын – шіркейлердің оянып, құстар жылы жаққа ұшып келетіні жайында түсіндіру. \ Бал арасы С.Тойлыбаев\ **ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Ұйқасын тап».<br>**Дыбыстық жаттығу.**<br>«Жәндіктер қалай дыбыстайды?»<br>«Бал арасы» С.Тойлыбаев**.**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Көңілді доп»** .<br>**Шарты:** сурақтарға жауап береді.<br>**Қорытынды.** | сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады.<br>Мысалы: «к.ү.н.», «т.ү.н.», «ә.т.е.ш.», «б.а.л.», «ж.е.л.і.м.», «б.а.қ.», «б.а.л.а.», «қ.и.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «к.і.л.т.», «д.о.п.».<br>–Сөзді кім бірінші құрап айтады, сол балаға жұлдызша үлестіріліп отырылады.<br>**«Сөйлемді** | оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суретттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.<br>**Дидактикалық иойын: «Кері сөзді ата»(доппен)**<br>–Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы:<br>*жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымдықайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды,* | Тәтті ұйқыға батады. **(аю)**<br>-Дұрыс айтасыңдар, аю. Аюдың екі түрі болады. Ақ аю-мұзды, қарлы жерде өмір сүрсе, қоңыр аю-орманда өмір сүреді. Аюдың терісі, еті бағалы, майының емдік қасиеті бар. Аю бал жейді, балық аулап, жидектер теріп, құстарды аулап жейді. Аю қыс бойы ұйқыда жатады.<br>-Аю қандай жануарға жатады? Ол қалай жүреді. -Жабайы жануарға жатады.Қорбаңдап жүреді. -Аю қандай ертегілерде кездеседі?<br>-Бауырсақ, үйшік, маша мен аю, үш аю ертегісінде.<br>**«Үш аю»ертегісімен таныстыру.**<br>**«Көңілді доп» ойыны.**<br>Шарты: Сұрақтарға жауап беру.<br>**Ойын: «Қай зат** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
